

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 553 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық 2016 жылғы 4 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*

Қ а з а қ с т а н *Р е с п у б л и к а с ы*

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 6 *ж ы л ғ ы*

№ *Ж а р л ы ғ ы м е н*

б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 17, 212-құжат):

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер

лауазымдарының және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын немесе оның келісуімен тағайындалатын, оның ұсынуы бойынша сайланатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша тағайындалатын өзге де басшы лауазымды адамдардың тізбесінде:

М ы н а :

«

Қорғаныс министрінің бірінші орыбасары - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас Штабының бастығы	Президент	Қорғаныс министрі	Әкімшілік Басшысы
---	-----------	-------------------	-------------------

» ;

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

ЭКСПО-2017 халықаралық мамандан-дырылған көрмесінің Комиссары	Президент	Сыртқы істер министрі	Әкімшілік Басшысы
---	-----------	-----------------------	-------------------

» ;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси қызметшілерін және өзге де лауазымды тұлғаларын келісу, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі туралы ережеде:

20-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің Комиссары, Сыртқы істер министрінің орынбасарлары, Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы, комитеттерінің төрағалары, Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшілері, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдері.».

2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 19, 234-күжат) («Қызмет бабында пайдалану үшін» белгісі бар).

3. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 12 қазандағы № 201 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 39, 428 - құжат) :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколына 1 - қосымшада :

мынадай мазмұндағы 48-1-тармақпен толықтырылсын:

«48-1. ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің Комиссары»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколына 2 - қосымшада :

мынадай мазмұндағы 37-1-тармақпен толықтырылсын:

«37-1. ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің Комиссары».

4. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын және Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 722 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 1, 2-күжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының тізбесінде:

Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты берілетін адамдардың тізбесі мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

«27-1. ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің Комиссары»;

Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты берілетін адамдардың тізбесінде:

реттік нөмірлері 2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес дипломатиялық паспорт алуға құқығы жоқ мемлекеттік саяси қызметшілер.

3. Дипломатиялық паспорт алуға құқығы бар адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес «А» корпусының лауазымындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілер.

4. Дипломатиялық паспорт алуға құқығы бар адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдары тізілімінің А және В санаттарының, «Б» корпусының С-1, С-2, С-3 санаттарының лауазымындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілер.».

5. «Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 520-күжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

«1. Мемлекеттік саяси лауазымдар» деген бөлімде:

«Қазақстан Республикасының министрлері, олардың бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының министрлері, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің Комиссары, Қазақстан Республикасы министрлерінің бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары».

6. «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 72 - 73 - 74 , 534 - қ ұ ж а т) :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің ант беру қағидаларында :

4-тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы, оның орынбасарлары; ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің Комиссары ; министрлердің бірінші орынбасарлары және орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшылары, олардың бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары – Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне;».